

Сансызбай Е.С.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: e.s.1512@mail.ru

АЙМАҚТЫҚ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗІ

Аннотация. Аймақтық салық жүйесінің қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Өз кезегінде жүргізілген салықтық реформалардың тиімділігі мемлекеттің экономикалық даму мәселелерін шешу қызметін атқарады. Мақалада аймақтық салық жүйесінің негіздемесі анықталып, жалпы салық жүйесінің талдау мәселелері мен шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: салық жүйесі, аймақтықсалық, заңнамалық реформалар, тұрақты даму, үдемелі көрсеткіштер, мемлекеттік бюджет, салықтық тәртіп.

Сансызбай Е.С.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: e.s.1512@mail.ru

Концептуальная основа региональной налоговой системы

Аннотация. Функционирование региональной налоговой системы тесно связано с результативностью экономических реформ в стране. В свою очередь, эффективность проводимых налоговых реформ служит решением проблем экономического развития государства. В статье определены основные вопросы в сфере региональной налоговой системы, рассмотрены анализ, проблемы и пути решения общей налоговой системы.

Ключевые слова: налоговая система, местный налог, законодательные реформы, устойчивое развитие, форсированные показатели, государственный бюджет, налоговая дисциплина.

Sansyzbay E.S.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: e.s.1512@mail.ru

Conceptual basis of the regional tax system

Annotation. The functioning of the regional tax system is closely linked to the effectiveness of economic reforms in the country. In turn, the effectiveness of the ongoing tax reforms serves as a solution to the problems of economic development of the state. The article defines the conceptual foundations of the regional tax system, examines the problems of analysis and solutions to the general tax system.

Keywords: tax system, local tax, legislative reforms, sustainable development, accelerated indicators, state budget, tax discipline.

Республикамызда соңғы жылдары аймақтың экономикаға, аймақтарды дамытуға, дәлірек айтсақ, республикадағы әрбір аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту сияқты мәселелерді


шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда. Бұл жерде салық жүйесінің алатын орны зор.

Нарықтық қатынастардың қазіргі кездегі даму жағдайы, өнеркәсіп орындарының көбеюі, халықтың әл-ауқатының жақсаруы, қаржы жүйесінің нығайып дамуы, мемлекетаралық экономикалық қатынастардың ұлғаюы елімізде салық жүйесін негізді түрде дамытудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Себебі салық жүйесі экономикалық процестерге оң ықпал етіп, жағымсыз жағдайлардың орын алуына жол бермей, қоғамда өркениетті құқықтық қатынастарды нығайта түседі [1].

2022 жылғы көрсеткіштер 2021 жылға қарағанда 683 637 948 мың тг көлемінде көбейген, яғни 14% артқан. Сәйкесінше, салықтық түсімдердің көбеюі 2020 жылғы көрсеткіштерде де байқалып

отыр. 2020 жылғы түсімдерді 2022 жылғымен салыстыратын болсақ, 336 739 061 мың тг көрсетіп, %дық өсімі 6,6 % болып анықталып отыр. Бұл өзгерістердің орын алған себебі, оған мемлекет ішіндегі сонымен қатар, сыртқы бірнеше факторлар әсер етіп отыр. Мемлекеттік бюджет кірісіндегі салықтық түсімдері өзгерісін бақылау үшін келесі диаграммаға назар аударамыз



Сурет 1. Мемлекеттік бюджет кірісіндегі салықтық түсімдері (млрд.тенге) өзгерісі

Бұл өзгерістердің орын алған себебі, оған мемлекет ішіндегі сонымен қатар, сыртқы бірнеше факторлар әсер етіп отыр.


Атап айтатын болсақ:

– салық төлеушілер құрамының артуы, төлеушілерінің көбеюі, соның ішінде халық санының көбеюі: 2020 ж – 16 909 мың, 2021 ж – 17 160 мың, 2022 ж – 17 417 мың адам;

– экономикалық белсенді халық бөлігінің көбеюі: 2020 ж – 8981,9 мың, 2021 ж – 9041,3 мың, 2022 ж – 9109,7 мың адам;

– өнім өндірісі саласының дамуы : 2020 ж – 16 851 775 млн, 2021 ж – 17 833 994 млн, 2022 ж – 18 492 753 млн теңге.

Салықтың анықталған түрлері, яғни КТС, ҚҚС салықтарын төлеушілері ЖШС-лардың, басқа да төлеушілернің санының артуы. Мысалға заңды тұлғалардың төмендегі статистикасын қарасақ болады:



Сурет 2. ҚР аумағындағы жалпы заңды тұлғалар бойынша 2020-2022жж. аралығындағы көрсеткіштер

Мемлекеттік бюджеттің құраушысы салықтық түсімдер, олардың дер кезінде бюджетке түсіп, тұрақтылығын сақтауы бюджет бейнесінде айқын көрінеді. Әр бір салық бойынша түсімдердің тұрақтылығы салық жүйесінің үздіксіз қызметін қамтамасыз етеді. Сондықтан салықтардың, соның ішінде аймақтық салық салу жүйесінің қалыпты қызметін қалыптастыру үшін, олардың есептелу әдістері мен салық төлеуші үшін түсінікті болуы өте маңызды. Аймақтық салық жүйесіндегі салық түрлерінің есептелу жолдары, төлену тәртібі және қарастырылатын жеңілдіктері бойынша мәліметтерге тоқталатын болсақ, жеке табыс салығы, жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын табыстары мен төлем көзінен салық салынбайтын табыстар түріндегі табыстары салық объектілері болып табылады.

Салық төлеушінің табыстарына 10% ставка бойынша салық салынады. Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі көздерден алынған дивидендтер түріндегі табыстарға 5% ставка бойынша салық салынады.

Салықты есептеу және төлеу келесідей жүзеге асады:

1. Жеке табыс салығын есептеуді салық агенті төлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша, салық салуға жататын табысты есебіне жазу кезінде жүргізеді;

2. Жеке табыс салығын ұстауды салық агенті төлем көзінен салық салынатын табысты төлеу күнінен кешіктірмей жүргізеді;


3. Салық агенті төленген табыстар бойынша жеке табыс салығын аударуды табыс төлеу жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Заңды тұлға өз шешімімен оның бөлімшесі төлеген төлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша өзінің құрылымдық бөлімшесін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша салық агенті деп тануға құқылы. Бұл ретте заңды тұлғаның шешімі немесе мұндай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап күшіне енеді [2].

Мемлекеттік мекемелердің салықты есептеу және төлеу ерекшеліктерін сипаттайтын болсақ, мемлекеттік органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және аумақтық органдары өздеріне бағынышты мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің табыстары бойынша салық агенттері ретінде қарастырылуы мүмкін. Аймақтық атқарушы органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және аумақтық органдары өздеріне бағынышты мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің табыстары бойынша салық агенттері ретінде қарастырылуы мүмкін. Салықты төлеу салық агентінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесінде көзделген инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалар пайдалануға алғаш берілген объектілер бойынша Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес жасалған келісімшарт негізінде салық базасына 0 % мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептейді.

Семей қаласы бойынша салықтық түсімдердің құрамын және түсімін бақылау үшін 3 сурет арқылы анықтай аламыз. Семей қаласы бойынша салықтық түсімдері мемлекеттік бюджет құрамы салығы бойынша 2022 жылы бюджетке 156,9 млрд. теңге түскен. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 11,8 млрд. теңгеге артық. Диаграммадағы түсімдердің жиыны ақпараттарына сәйкес, корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, акциздер және басқа да салықтар республикалық бюджет кірісіне, ал жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, мүлікке салынатын салық, жер салығы, сондай-ақ, көлік құралдарына салынатын салық және басқа да салықтар мен міндетті төлемдер аймақтық бюджет кірісіне кіріктірілген. Олардың 2020-2022 жылдардағы түсім көлемі мен өзгерістері осы диаграммада көрініс табады.



Сурет 3. Мемлекеттік бюджет кірісіндегі Семей қаласы бойынша салықтық түсімдері мемлекеттік бюджет құрамы (млрд.тг)

Семей қаласы бойынша 2022 жыл жалпы салықтық түсімдердегі аймақтық салықтарының түсу динамикасын қарастыратын болсақ, мемлекеттік бюджет құрамының үлестік көрсеткіштерінде аймақтық бюджет үлесі немесе аймақтық салықтардың түсімі 28% құрап отыр, республикалық бюджет құрамы 72% көрсетіп отыр.

Семей қаласы бойынша 2021 жыл жалпы салықтық түсімдердегі аймақтық салықтарының түсу динамикасын қарастыратын болсақ, мемлекеттік бюджет құрамының үлестік көрсеткіштерінде аймақтық бюджет үлесі немесе аймақтық салықтардың түсімі 29% құрап отыр, республикалық бюджет құрамы 71% көрсетіп отыр [3].

Семей қаласы бойынша 2020 жыл жалпы салықтық түсімдердегі аймақтық салықтарының түсу динамикасын қарастыратын болсақ, мемлекеттік бюджет құрамының үлестік көрсеткіштерінде аймақтық бюджет үлесі немесе аймақтық салықтардың түсімі 32% құрап отыр, республикалық бюджет құрамы 68% көрсетіп отыр.

Аймақтық салық салу жүйесін жетілдіру барысында келесі ұсыныстарды атап көрсетуге болады:

- қолданыстағы мүлікке салынатын салықтар жүйесін аймақтық жылжымайтын мүлікке салынатын салықпен алмастырудың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл салық барынша икемділігі төмен салық базасы бар және аймақтық бюджеттерді айналымға қатысты салықтық түсіммен қамтамасыз ете алады. Екіншіден, бұл салықтан түскен түсімнің толығымен

аймақтық бюджетте қалуы, алынған пайда қағидасына жауап береді. Үшіншіден, бұл салықты әкімшілендіру мәліметтерді жинау, өңдеу және саралауды қамтиды. Бұл ақпараттардың барлығына аймақтық өзін-өзі басқару органдары әрқашан алаалады.

- Мемлекеттік бірыңғай жылжымайтын мүлік кадастрын қалыптастыру. Қазақстанда бұл кадастр енгізілген жағдайда, жер, жер телімі және жылжымайтын мүлік жөніндегі ақпараттарды енгізу және жаңартып отыру, жылжымайтын меншік телімдерінің тіркеу картасын жасау, сату-сатып алу мәмілелерін тіркеу барлық аймақтық басқару органдарын базистік ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған болар еді және бөлек аудандарда, сол сияқты жалпы елде барлық халық шаруашылығы кешенін дамыту бойынша шешім қабылдауға жағдай жасайды.

Кәсіпорындардың іс-әрекеттері нәтижелерінен алынған табыстарына салық салу мәселелері қазіргі кезеңде кез-келген мемлекеттің ішкі саласының негізгісі болып табылады. Сонымен қатар салық жүйесін жетілдіру және оны әрі қарай дамыту үшін маңызды міндеттері мен факторларын анықтау және табу кез-келген мемлекеттің негізгі міндеті мен тапсырмасы болып табылады.

Салық төлеушілердің барлық санаттары үшін салық заңдылығына қолжетімділік заң шығарушылардың мақсаты болып табылуы тиіс. Осы аталған қағиданың талаптары ретінде келесілерді қарастыруға болады:

- әрбір қолданылатын түсініктемелер заңмен бекітілген өзінің бір ғана мағынасы болуы керек;

- заңдық актілер мен нормалар бір-біріне қарама-қайшы болмауы керек;

- заңды мәтіндер орта білімді қолданушылар үшін түсінікті болуы керек;

- шығарылатын заңдық актілердің саны шектен тыс болмауы тиіс.

Сондай-ақ, қорытындылай келе, аймақтық салық салу жүйесін дұрыс ұйымдастыру және салық жүйесінің толықтығын қамтамасыз ету үшін келесідей негізгі ұсыныстар қарастырылды :

1) аймақтық салық салу тиімділігін қамтамасыз ететін салық заңдылығының тұрақты болуы;

2) мемлекет пен салық төлеушілердің өзара қатынастары құқықтық сипатта болуы;

3) салық ауыртпалығы салық төлеушілердің санаттары арасында теңдей бөлінуі керек.

4) өндіріліп алынатын салықтар салық төлеушілердің табыстарына сәйкестендірілуі тиіс;

5) салықтарды өндіріп алу уақыты мен тәсілдері салық төлеушілер үшін қолайлы болуы керек;

6) салық төлеушілердің заң алдында теңдік қағидасын ұстануы;

7) салықтарды жинау бойынша ұсталымдардың минималды деңгейде болуы;

8) экономикалық қызметтерінің әдістері мен үлгілері қатынасында салық салудың бейтараптылық қағидасының болуы;

9) салық салу бойынша ақпараттар ашық және қол жетерліктей болуы;

10) салықтық құпияны сақтау қағидасын ұстануы.

Сонымен аймақтық салық салу жүйесін дамыту әлі бірнеше кезеңнен өтеді және ол болашақта салық жүйесіне қоғам дамыған сайын тиімділігін арттыра түспек.

Қорыта келе, қазіргі қаржы-экономикалық қатынастардың қарқынды дамуымен бірге аймақтық салық салудың рөлі мен маңызы өзекті мәселеге айналып

отырғандығын атап айтсақ болады. Өйткені меншік қатынастары мен аймақтық экономикалық жүйелер қызметінің әлеуметтік-экономикалық негізі екені баршамызға аян. Ұлттық экономиканың өркендеуімен бірге, соңғы уақытта жер, мүлік, көлік және басқадай мүлік түрлері тұлғалардың мүлкі ғана болып қоймай, сонымен қатар олар кепіл, мұра, сый және салық салу нысанына айналууда. Аймақтық салық салуға жататын салық түрлері объектілерінің – мүліктің, жердің, көлік құралдарының басқа объектілерге қарағандағы ерекшелігі, олар салық салудың барынша тұрақты объектілері болып табылады. Сонымен бірге мүлікке, көлік құралдарына салық салу оларды барынша тиімді пайдалануға ынталандырады, әрі оларды салық салудан жасыру тіптен мүмкін емес. Сондықтан олардың тұрақтылығы мен төлем жүйесінің қарапайым болуы өте маңызды. Сонда мемлекеттік бюджет құрамындағы аймақтық салықтар түсімдері қызметінің үздіксіз қамтамасыз етілуі орын алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әмірғалиев Ж.А. Салық салу жүйесі//Алматы, Қазақ Университеті 2022 жыл
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (ҚР Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ
3. <https://stat.gov.kz/> сайтының мәліметтері

References

1. Әмірғалиев Zh.A. Salyq saly zhuyesi//Almaty, Қазақ Universiteti 2022 zhyl
2. Salyq zhәне bjudzhetke төlenetin басқа da mindetti төlemder туралы (ҚР Salyq kodeksi) 2017 zhylғы 25 zheltokсандағы № 120-VI ҚРZ
3. <https://stat.gov.kz/> sajtyнунң мәlimetteri

Сведения об авторе

Сансызбай Еркежан Сансызбайқызы

Лауазымы: экономика ғылымдарының магистрі, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Аяғөз көшесі, 147

Ұялы. тел: 8 707 705 66 44

E-mail: e.s.1512@mail.ru

Сансызбай Еркежан Сансызбайқызы

Должность: магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры бизнес и управление, AlikhanBokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Аягузская, 147

Сот. тел: 8 707 705 66 44

E-mail: e.s.1512@mail.ru

Sansyzbay Erkezhan Sansyzbaykyzy

Position: Master of Economics, Senior Lecturer at the Department of Business and Management,, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Ayaguzskaya Street, 147

Mob.phone: 8 707 705 66 44

E-mail: e.s.1512@mail.ru